

Екібастұз көмірін өндіру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 3 шілде N 317

Энергетика отынына деген Қазақстан мен ТМД елдері энергетиктерінің қажетін қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі бекіткен "Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамының 1995-2000 жылдарға арналған көмір өндірудегі және өңдеудегі шығындардың өзіндік құнын кеміту бағдарламасына сәйкес "Екібастұзкөмір" мемлекеттік

акционерлік қоғамының жұмыс істеп тұрған резервтерін жетілдіру мен техникалық қайта жарақтандыру жолымен Екібастұз көмірін өндіруді оңтайландыру жөніндегі шаралар мақұлданын.

2. Осы өкімнің орындалу барысына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министрдің
орынбасары